Инвариантты бөлігі негізгі оқу жоспарына сәйкес жасалған. Мемлекеттік білім беру стандарттарының талаптары сақталған. Оқу жоспарының барлық пәндерінде пән мұғалімдері күнтізбелік – тақырыптық жоспарлауды дайындаған. kundelik.kz, Bilim class.kz электронды журналдарында сабақтардың күндерін, сабақ тақырыптарын, тақырыпқа сәйкес сағаттарының саны белгіленген. Жұмыс оқу жоспарының инварианттық оқу жүктемесі барлық класта нақты сақталған. 2021-2022 оқу жылында білім алушылар жаңартылған білім мазмұны бойынша оқытылған. Пәндер бойынша оқу бағдарламасының орындалуына бақылау жүргізілген. Бақылау мақсатына сәйкес білім беру және оқытуда мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттың орындалуын, мұғалімнің электронды журналдағы күнтізбелік-тақырыптық жоспары тексеріліп, сағат санының дұрыстығына көз жеткізу үшін kundelik.kz, Bilim class.kz жүйесімен зерделенді.

Мұғалімдердің мемлекеттік стандарттың орындалуы бойынша оқу бағдарламасын күнтізбелік-тақырыптық, kundelik.kz, Bilim class.kz журналын тексеру кезінде, нормативтен ауытқушылық болмағаны анықталды. Оқу бағдарламасы нормаға сәйкес орындалған. Kundelik.kz, Bilim class.kz журналында тақырыптар жазылған, бағалары қойылған, үй тапсырмалары берілген.

ҚОРЫТЫНДЫ: ҚР Оқу-ағарту министрінің 03.08.2022ж. күнгі №348 бұйрығымен бекітілген «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары» ҚР БҒМ 2013 жылғы 03 сәуірдегі №115 бұйрығымен бекітілген «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, тандау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларының» 1-4 кластар 5-11 кластар бойынша сәйкес келеді.

12.3. Білім алушылардың таным мәселелерін шешуге және субъективті жаңа білімді меңгеруге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпыадамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған тәрбие жұмысын іске асыру;

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығының 2, 3, 4 - қосымшалары Жалпы орта білім беру берудің барлық деңгейлеріне ортақ болып табылатын және білім алушы тұлғасының мінез-құлқы мен қызметін ынталандыратын өмірлік тұрақты бағдарлары болуға арналған білім алушылардың бойынша ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған.

2021-2022, 2022-2023 оқу жылдары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі № 145 бұйрығымен бекітілген 2019-2024 жылдарға арналған «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру аясында тәрбиенің Тұжырымдамалық негіздерін іске асырудың жоспары, Ақтөбе облысының білім басқармасының 2019 жылғы 19 тамыздағы №252 бұйрығымен бекітілген Ақтөбе облысының білім басқармасының 2019-2024 жылдарға арналған «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру аясында тәрбиенің Тұжырымдамалық негіздерін іске асырудың іс-шаралар жоспары, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 12 маусымдағы №248 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында өлкетануды дамытудың Тұжырымдамалық негіздері мен Абайдың «Толық адам» рухани мұрасында бейнеленген үйлесімді дамыған адамның ұлттық бейнесін дамытуды негізге ала отырып тәрбие жұмысы жоспарланған. 2022-2023 оқу жылы бойынша тәрбие жұмысы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына 2-3-4 қосымшалары жалпы орта білім берудің

барлық деңгейлеріне ортақ болып табылатын және білім алушы тұлғасының мінез-құлқы мен қызметін ынталандыратын өмірлік тұрақты бағдарлары болуға арналған білім алушылардың бойында ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған.

2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 19 қыркүйектегі № 294 бұйрығымен бекітілген «Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мүдделі мемлекеттік органдармен бірлескен 2023-2026 жылдарға арналған жоғарғы оқу орындарынан басқа білім беру ұйымдарына арналған «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру жөніндегі бірлескен (№2 қосымша) және 2023-2024 оқу жылына арналған «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» жүзеге асру аясында кешенді жоспары жасақталған.

2021-2022, 2022-2023 оқу жылдарында тәрбие процесі білім алушылардың интеллектуалдық, патриоттық, рухани адамгершілік пен дене дамуын қамтамасыз ету мақсатында бірыңғай идеологиялық тәсілдер мен құндылықтарға негізделіп жүзеге асырылған. Тәрбие жұмысы барлық мүдделі тараптар: отбасы, білім беру ұйымы, қоғамның жаппай қатысуымен кешенді түрде өткізілген. Тәрбие жұмысының жоспарына сәйкес іс-шаралар уақытылы өткізіліп, анықтамалары жинақталған. 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдары бойынша бірлестіктің жұмыс жоспалары құрылып, ай сайын бірлестік отырысы өткізіліп, хаттамалары жинақталған.

Сынып жетекшілердің сапалық құрамы

Жылдар	Сынып жетекшілер	Жоғары білімді	Арнаулы орта
2021-2022 оқу жылы	46	36	10
2022-2023 оқу жылы	49	41	8
2023-2024 оқу жылы	54	44	10

Сынып жетекшілердің біліктілік санаты

Жылдар	Модератор	Сарапшы	Зерттеуші	Шебер	Жоғары, I, II санат, санаты жоқ	педагог
2021-2022 оқу жылы	12	11	13	-	5	5
2022-2023 оқу жылы	14	9	13	1	2	10
2023-2024 оқу жылы	17	12	11	1	1	12

ҚОРЫТЫНДЫ: Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 03.08.2022 жылғы №348 бұйрығымен бекітілген «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары» 2 - қосымшасының 2 тарау, 7 - тармағы, 3 - қосымшасының 2 тарау 15 тармағы, 4 - қосымшасының 2 тарауының 16 - тармағына сәйкес келеді.

12.4. Білім алушылардың рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көркем-эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесін іске асыруды қамтамасыз ететін жиынтығында сабақтан тыс іс-әрекеттің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру;

2021-2022 оқу жылында тәрбие жұмысының мақсаты «Білім алушылар бойында ұлттық құндылықтарды қалыптастыру арқылы, құзыретті жеке тұлға, рухы биік

патриот тәрбиелеу». 2022-2023 оқу жылында тәрбие жұмысының мақсаты «Білім алушылар бойында жалпыадамзаттық, ұлттық және отбасылық құндылықтарды дамыту». 2023-2024 оқу жылында тәрбие жұмысының «Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты: «Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу».

«Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздеріне сәйкес жұмыс жасайтын тәрбиелік жобалар тәрбие жұмысының негізгі бағыты бойынша жүзеге асырылған.

«Мектептің өзін-өзі басқару» жобасы бойынша мектеп парламенті білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысының ажырамас бөлігіне айналған. Мектеп әкімшілігімен бірге жоспарлы іс-шаралар жүргізілген.

Мектеп қызметінің дене шынықтыру-спорт бағытын жаңғырту, салауатты өмір салтын қалыптастыру және дамыту жұмыстары қазіргі жағдайда білім беру мазмұнын жаңартудың маңызды басымдықтарының бірі болып табылады.

Медицина қызметкерімен туберкулез, ЖРВИ, гепатит, ішек ауруларының алдын алу бойынша профилактикалық әңгімелер жүргізілген.

Тәртіп бұзушылықтың алдын алудың маңызды факторларының бірі оқушылардың бос уақытында жұмыспен қамтылуы болып табылады, сондықтан мектепте қосымша білім беру жүйесін дамытуға, сондай-ақ салауатты өмір салтын насихаттауға және жасөспірімдерді үйірмелер мен секцияларға тартуға көп көңіл бөлінген.

Осы бағыт бойынша мектепте 9 спорттық үйірме жұмыс жасаған. Қатысқан оқушылар саны – 890. Аптасына 2-3 рет бекітілген кесте бойынша өткізілген. Спорттық үйірмеге жыл бойына үлгерімі төмен немесе басқа да ескертулері бар, сонымен қатар мектепшілік есепте тұрған оқушылар тартылды.

Жылдар	Мектепшілік үйірме, секциялар саны	Мектепшілік үйірме, секцияларға қатысатын оқушылар саны	Пайызы
2021-2022 оқу жылы	16	510	68
2022-2023 оқу жылы	15	670	63
2023-2024 оқу жылы	18	890	80

№	Спорттық үйірме атауы	Жетекшілер
1	Волейбол	Умбеткулов Е.Е.
2	Баскетбол	Муханов Б.К.
3	Футбол	Әскербекұлы Ө
4	Үстел тенісі	Нурудинов Д.Б.
5	Шахмат	Қайназаров Н.Д.
6	Жеңіл атлетика	Курманғалиев Б.Е.
7	Шаңғы	Сансызбаев Б.А.
8	Дойбы	Қайназаров Н.Д.
9	Кросс	Курманғалиев Б.Е.

Мектеп Ақтөбе облыстық «Шығармашылық үйі» келісім шартқа отырды. Мектеп оқушылары мектептен тыс «ММІ», «ДЮСС», «Достық» т.б. мекемелерде спорттық үйірмелерге, оның ішінде: қазақша күрес, футбол, жүзу, шахмат т.б. үйірмелерге қатысады.

Тәрбие жұмысының негізгі бағыттарының бірі қазақстандық патриотизмді тәрбиелеу болып табылады. Ол үшін мектепте атқарылған шаралар: барлық салтанатты іс-шаралар Қазақстан Республикасының Әнұранын орындаудан басталады, әр дүйсенбі күні мектепте Қазақстан Республикасының Әнұраны орындалады. «Қазақстан – менің Отаным», «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру», «Мемлекет мәртебесі - Мемлекеттік Ту, Әнұран, елтаңба», «Азаматтық қорғаныс», «Әскери ән байқауы» тақырыптарында түрлі іс-шарпалар өткізілді.

«Қауіпсіз мектеп» бағдарламасы аясында күнделікті кезекшілік ұйымдастырылып, мектепке келген оқушылардың турникеттен өтуі қадағаланып, үзіліс кезінде әр қабаттағы тәртіпті қадағаланды. Қаңғыбастық пен қадағалаусыздықты болдырмау үшін мектеп оқушыларының сабаққа қатысым бойынша күнделікті бақылау жүргізілген.

Білім алушыларды тәрбиелеудің негізгі идеясы ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға жетілдіру негізінде «Парасат» ер балалар клубы, «Инабат» қыз балалар клубтары құрылған. Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарында «Мектеп парламенті» білім алушылардың өзін-өзі басқару органдарын дамыту Тұжырымдамасы негізінде 2022 жылдың 23 қыркүйек күні, 2023 жылдың 29 қыркүйек күні мектеп парламентінің сайлауы болып «Өзін-өзі басқару» ұйымы құрылған. Мектеп әкімшілігімен бірлескен жұмыс жоспарлары құрылып, жүйелі жұмыстар жүргізілген. Тәрбие бағыты бойынша кездесулер, семинар, дөңгелек үстелдер өткізілген. Дебат клубы құрылып оқушылар арасында турнирлер ұйымдастырылған, «Экстремизм мен терроризмге жол жоқ!» тақырыбында кездесу, домбырашылар челленджі, "Тал егу", «Бүкілқазақстандық ағаш отырғызу күні» акциялары, «Жолда жүру апталығы», «Денсаулық күні» спорттық шаралар, «Біз салауатты өмір салтын қолдаймыз» тақырыбында сурет көрмесі, «Дұрыс тамақтану», «Жеке бас гигиенасы» тақырыбында әлеуметтік желілерде үндеу жарияланған.

Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» № 591 Заңы (өзгерісі 01.04.2019ж. № 240-VI) негізге ала отырып, 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарында жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алуға байланысты мектепшілік алдын алу кеңесі құрылып, жергілікті полиция бөлімімен бірлескен жұмыс жоспарлары құрылып, отырыс хаттамалары жинақталған. 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдары бойынша ішкі істер бөлімінің есебінде оқушы анықталмаған. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 12 қаңтардағы «Орта білім беру ұйымдарында сынып жетекшілігі туралы ережені бекіту туралы» № 18 бұйрығы негізінде оқу-тәрбие процесі шеңберіндегі қызметін үйлестіру бойынша сынып жетекшісіне жүктелген функцияларды айқындау мақсатында 2021-2022 оқу жылы бойынша сынып жинағы-47. 2022-2023 оқу жылы бойынша – 52 сынып жетекші, 2023-2024 оқу жылы бойынша – 58 сынып жетекші тағайындалған.

Мектепте «Оқуға құштар мектеп» оқу алаңы, буккроссинг-кітап алмасу, білім алушылардың демалыс қарым -қатынас шығармашылық ортасы коворкинг жұмыс жасайды. 2021-2022 оқу жылында Алғыс айту күніне орай дәстүрлі «Кітап сыйла» акциясы ұйымдастырылып, кітапхана қоры балалар әдебиеті кітаптарымен толықтырылған. Барлық сыныптарда «Сен оқитын кітаптар» бұрышы жабдықталып, үзіліс кезінде кітап оқу сағаттары ұйымдастырылған. 2022-2023 оқу жылында, «Сүйікті

кітабыммен селфи» атты акциясы, «Кітап оқу сәні», «Біз оқитын 30 кітап», «TED-X» шарасы, «Отбасымен қосылып кітап оқу» тақырыбында кітап оқу сағаттары өткізілген.

«Құқықтық сана – қауымға пана» жобасы бойынша 2021-2022, 2022-2023 оқу жылдары білім алушылардың қауіпсіздік шараларының және құқық бұзушылықтың алдын алуға мақсатында «Қатыгездік пен зорлық-зомбылықсыз балалық шақ», «Бала құқығы-адам құқығы» онкүндіктері, «Жасөспірім. Құқықбұзушылық. Жауапкершілік» бірыңғай сынып сағаттары өткізілген.

«Дәстүр мен құрып» жобасы бойынша 2021-2022, 2022-2023 оқу жылдары «100 жана есім», «Ұлттық ойындар», «Ұлттық қолөнер- ұлы мұра», «Қазақтың салт-дәстүрлері» тақырыбында сынып сағаттары, гостраномиялық туризмді жаңғырту ұлттық тағамдарды насихаттау мақсатында «Ұлттық тағамдар», «Қазақтың ұлттық тағамдары» тақырыптарында сынып сағаттары, «Кесте тіу өнері» тақырыбында шебер класс, «Boursak party», «Dombura party» челенджері, дәстүрлі Этнофестиваль ұйымдастырылған. «Менің Отаным Қазақстан», «Анаға сәлем» атты тақырыпта мерекелік шара, «Наурызым-ұлыс берекем!» тақырыбында мерекелік кеш, «Тұсау кесу», «бесікке салу» дәстүрі, «Ақ орамал» акциясы өткізілген.

«Еңбек -елдің мұраты» жобасы бойынша 2021-2022, 2022-2023 оқу жылдары кәсіптік білім беру мақсатында «Менің таңдауым», «Мамандығым-мақтанышым», «Болашаққа бағдаршам», «Кәсіптік бағдар беру», «Мамандық таңдау- оңай шешім» тақырыптарында сынып сағаттары, кездесулер, «Мұндай мамандық бар» презентация конкурсы, «Жарнама жасау өнері» ойыны, «Әр түрлі және қажетті мамандықтар» тақырыбында мамандармен кездесулер өткізілген.

«Ерте жастан басталатын экологиялық мәдениет», «Үнем-қоғам қуаты» жобалары бойынша 2021-2022, 2022-2023 оқу жылдары «Эко сағатты бүгіннен баста», «Су-сен өмірсің», «Экологиялық орта», «Табиғатты» сақтау-өмірді сақтау» тақырыптарында сынып сағаттары, «Таза табиғат», «Ең таза, гүлденген класс» тақырыбында сыныпаралық сайысы, экологиялық акциялары ұйымдастырылған. 72-itschool.edu.kz сайтына тәрбие жұмысына қатысты ақпараттар сканерленген үлгісі жүктелді.

ҚОРЫТЫНДЫ: Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрiнiң 31.10.2018 жылғы №604 бұйрығымен бекітілген «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары» 2 - қосымшасының 5-тармағы, 3-қосымшасының 10, 12,16 –тармақтары, 4- қосымшасының 17-тармағына, ҚРОАМ 03.08.2022 жылғы №348 бұйрығымен бекітілген «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары» 2, 3, 4 қосымшаларына сәйкес келеді.

12.5. Білім алушылардың жеке мүдделері мен қажеттіліктерін ескере отырып, бейінді оқытуды іске асыру (оқытудың тереңдетілген және стандартты деңгейі);

2021-2022 оқу жылына жазылған оқу жұмыс жоспарындағы ақпараттар негізінде зерделенді. Оқу жұмыс жоспарлары мектептің педагогикалық кеңесінің шешімімен және Ақтөбе қалалық білім бөлімінің басшысының келісімімен бекітілген. Білім алушылардың жеке мүдделері мен қажеттіліктері ескеріліп, бейінді оқытуды іске асыруда оқытудың тереңдетілген және стандарттық деңгейіндегі бейіндік пәндер таңдалған. «ҚР бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» ҚРБЖҒМ-нің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы

Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 15 мамырдағы № 205 бұйрығының 120-қосымшасы бойынша 11 сыныптарда таңдалған тереңдетілген және стандарттық деңгейдегі пәндер жалғасын тапқан.

Білім алушылардың жеке мүдделері мен қажеттіліктері ескеріліп 11 қазақ сынып оқушылары жаратылыстану-математикалық бағыт таңдаған.

11 «А», 11 «Ә» сыныптарында тереңдетілген деңгей бойынша физика және география пәндерінен 4 сағаттан берілген, стандарттық деңгейінде Кәсіпкерлік және бизнес негіздері пәніне 2 сағат берілген.

10 «А», 10 «Ә» қазақ сыныптарының білім алушылары ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына (2021 ж 20.08. №415 енгізілген өзгертулер) 100-қосымшасына сәйкес негізгі үлгілік оқу жоспарының жаратылыстану бағытын таңдаған.

Жалпы орта білім беру деңгейі, жаратылыстану-математика бағыты бойынша (жаңартылған мазмұн) / 120 - қосымша/ бойынша

11 «А» сыныптарында жаратылыстану- математика бағыты бойынша тереңдетілген деңгей физика және география пәндеріне аптасына - 4 сағаттан, стандарттық деңгей Кәсіпкерлік және бизнес пәніне 2 сағаттан 1 пән енгізілген.

11 «Ә» сыныбында жаратылыстану- математика бағыты бойынша тереңдетілген деңгей физика және биология пәндеріне аптасына - 4 сағаттан, стандарттық деңгей 11 «Ә» сыныбына Кәсіпкерлік және бизнес пәніне 2 сағаттан 1 пән енгізілген.

2022-2023 оқу жылында ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына (ҚР ОА министрінің 2022 ж. 30.09. №412 бұйрығымен енгізілген өзгертулер) **19, 21 қосымша** 10, 11 кластар үшін үлгілік оқу жоспары бойынша оқытылған. 10 «А», 10 «Ә», 11 «А», 11 «Ә» қазақ сыныптары жаратылыстану-математика бағыты бойынша, 10 «В» орыс сыныбы жаратылыстану бағыты таңдауы бойынша оқытылған. 10 «Б» лицей сыныбы оқыту қазақ тілінде жүргізілетін жаратылыстану-математика бағыты бойынша лицей сыныптарына арналған негізгі орта білім берудің (төмендетілген оқу жүктемесімен) 24-қосымшаға сәйкес жұмыстық оқу жоспары жаратылыстану бағыты таңдауы бойынша жасалған.

10 «А», 10 «Ә», 11 «А», 11 «Ә» қазақ сыныптарында тереңдетілген деңгей бойынша физика және география пәндерінен 3 сағаттан берілген, стандарттық деңгейінде Кәсіпкерлік және бизнес негіздері, дүние жүзі тарихы пәндеріне 1 сағаттан берілген.

10 «В» орыс сыныбында тереңдетілген деңгей бойынша физика және география пәндерінен 3 сағаттан берілген, стандарттық деңгейінде всемирная история, основы предпринимательство и бизнеса пәндеріне 1 сағаттан берілген.

10 «Б» лицей сыныбына тереңдетілген деңгей бойынша физика және география пәндерінен 3 сағаттан берілген, стандарттық деңгейінде Кәсіпкерлік және бизнес негіздері, дүние жүзі тарихы пәндеріне 1 сағаттан берілген.

2023-2024 оқу жылында ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 (ҚР ОА министрінің 2022 ж. 30.09. №412) бұйрығымен **16, 17-қосымша 5-9** кластар үшін; **19-қосымша 7** «Б», 9 «Б» лицей кластары үшін, **86-қосымша 10** «А» қазақ класы, **86-қосымша 10** «Б» орыс класы үшін, **22-қосымша 11** «А», 11 «Ә» қазақ кластары үшін, **24-қосымша 11** «В» орыс класы үшін, **27-қосымша 10** «Ә», 11 «Б» лицей кластары үшін педагогикалық кенесте қарастырылып жұмыс оқу жоспары әзірленген.

10 «Ә», 11 «Б» лицей сыныптарында тереңдетілген деңгей бойынша физика және география пәндерінен 3 сағаттан берілген, стандарттық деңгейінде құқық негіздері, дүние жүзі тарихы пәндеріне 1 сағаттан берілген.

11 «А», 11 «Ә» сыныптарында тереңдетілген деңгей бойынша физика және география пәндерінен 3 сағаттан берілген, стандарттық деңгейінде құқық негіздері, дүние жүзі тарихы пәндеріне 1 сағаттан берілген.

11 «В» орыс сыныбына тереңдетілген деңгей бойынша физика және география пәндерінен 3 сағаттан берілген, стандарттық деңгейінде всемирная история, основы права пәндеріне 1 сағаттан берілген.

ҚОРЫТЫНДЫ: ҚР оқу ағарту министрінің 03.08.2022ж. №348 бұйрығымен бекітілген «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына» сәйкес келеді.

12.6 Ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылардың ерекшеліктерін және жеке мүмкіндіктерін ескере отырып оқыту процесін ұйымдастыру

Бағаланатын кезең аралығында психологиялық-медициналық- педагогикалық қорытындысы /ПМПК/ негізінде ерекше білім беру қажеттігі бар білім алушылардың санатына жататын білім алушылар туралы мәлем жинақталды.

2021 – 2022 оқу жылының басында «Әбіш Кекілбайұлы атындағы жалпы білім беретін орта ІТ мектеп-лицейі» КММ-де ерекше білім беруді қажет ететін екі оқушы анықталды. Олар Манас Талант – 2 «Д» класс білім алушысы, Таумышев Исмаил – 2 «Г» класс білім алушысы. Қазан айында 9 «А» класына Алдаберген Бағжан, 8 «А» класына Серікқали Айдын деген екі оқушы психологиялық-медициналық- педагогикалық қорытындысымен ерекше білім беруді қажет ететін оқушылар қатарына қосылды. 2022 жылдың қаңтар айында 5 «Б» класының білім алушысы Өтеген Жарқынай психологиялық-медициналық- педагогикалық қорытындысымен ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылар қатарына қосылды. Сонда 2021 – 2022 оқу жылында мектепте ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылар саны – беске жетті. Бұл білім алушылардың диагноздары мен анықтамаларын келесі кестеден көруге болады.

№	Аты-жөні	Сыныбы	Бұйрығы	ПМПК шешімі	Диагнозы
1	Алдаберген Бағжан	9 А	01.10.2021 № 277	30.09.2021ж. № 31379	ВПР,ЦНС. Врожденная внутртенняя гидроцефолиз. Состояние после вентрикуло перинеостомии. ОД Глиома зрительного нерва. Расходящиеся косоглазие.
2	Серікқали Айдын	8 А	01.10.2021 № 270	24.09.2021 № 4045	Нарушение слуха
3	Өтеген Жарқынай	5 Б	11.01.2022 № 22	21.01.22ж. № 31750	Фонетико-фонематическое недоразвитие речи. Дислексия. Диеграфия
4	Манас Талант	2 Д	01.09.2021 № 217	23.06.2021 № 30853	ОНР III уровня
5	Таумышев Имайыл	2 Г	01.09.2021 № 218	28.04.2021 № 30305	ОНР III уровня

Білім алушылардың қажетті құжаттары алынып, бұйрықтары шағарылды. Әр білім алушыға жеке папка арналды. Оған білім алушылардың жеке құжаттарын, анықтамалары, сабақ беретін мұғалімдері туралы бұйрықтар салынды. Даму мүмкіндігі шектеулі балаларды жалпы білім беретін мектептің ортасына енгізу жекелеген фактілер мен тәжірибелер түрінде жүзеге асырылады. Мүмкіндігі шектеулі балалардың ата-аналарымен мұғалімдер тығыз байланыс орнатып, үнемі үздіксіз жұмыс жасалып отырады. Білім алушылардың ата –аналары мектеп психологтары, әлеуметтік педагогпен тығыз қарым-қатынаста жұмыс жасаған. Жоспар бойынша мектеп психологы аптасына 2 рет осы білім алушылармен жеке коррекциялық-дамыту жұмыстарын жүргізген. Ата-аналарға жеке дара кеңес берілген. Ата-аналар мектеппен тығыз қарым-қатынаста болды. Әр білім алушының жетістігі мен жасалған жұмыстары туралы ақпарат ПМПК отырысында талқыланған. Манас Талант – мектепшілік концерттерге қатысып, ән салу номинациясымен қалалық шараларға да қатысып, 2, 3 дәрежелі дипломдарға ие болды.

2021 – 2022 оқу жылында үйден оқытуды қажет ететін білім алушылар туралы мәлімет.

«Әбіш Кекілбайұлы атындағы №72 жалпы білім беретін орта ІТ мектеп-лицейі» КММ-де 2021 – 2022 оқу жылында «Қалалық психо-медико-педагогикалық кеңес беру орталығының» шешімімен және ата-аналарының өтініштері негізінде денсаулықтарына байланысты келесі білім алушылар үйден оқытылды.

№	Аты-жөні	Сыныбы	Бұйрығы	ПМПК шешімі	Диагнозы
1	Базарбай Несібелі	3 В	01.09.2021 № 216	27.08.2021 № 311890	ДЦП. Спастическая диплегическая форма, средней степени тяжести без стадии самостоятельной ходьбы. Тетрапарез умеренной степени тяжести, снижение когнитивных функций. ОНР I уровня. Симптоматическая эпилепсия.
2	Мақсотов Нұрислам	2 Б	01.09.2021 №215	16.08.2021 № 31115	Е-84.11. Гиперактивная расстройство согентающиеся с умственной отсталостью с/м двигательной расторможенности выраженной ст. ОНР III ур.
3	Аманов Дастан	9 А	09.11.2021 №326	09.11.2021 № 2363	Синоморозная грыжа. Нейронный мечевой пузыря

ҚР Білім және ғылым министрлігінің (4.09.2018ж. №441) бұйрығымен бекітілген Бастауыш, негізгі орта білім берудің үлгілік оқу жоспарының 53, 54, 55 қосымшалары негізінде келесі білім алушыларға оқу жоспары жасалды.

Үйден оқытуды ұйымдастыру «Арнайы жалпы білім беретін оқу бағдарламалары бойынша оқыту үшін мүмкіндіктері шектеулі балалардың құжаттарын қабылдау және арнайы білім беру ұйымдарына қабылдау» мемлекеттік көрсетілген қызмет стандартына сәйкес жүзеге асырылған. Үйден оқытылатын балалардың ата-

аналарының өтініші және психолого-медико-педагогикалық консультациялық кеңестің қорытындысы негізінде бұйрық шығарылды. Оқу жоспарына сәйкес сағаттар саны бекітіліп, арнайы сабақ кестесі құрылды. Сабақ кестесі ата-аналармен келісіле отырып жасалған. Күнтізбелік-тақырыптық жоспарға сәйкес kundelik.kz электронды журналына сабақтың тақырыптары жазылды. Әр пән мұғалімінде оқушының көңіл күйін, сабаққа ынтасын, берілген тапсырмаларды орындау деңгейін бақылап отыратын бақылау күнделіктері жүргізілген.

2022 – 2023 оқу жылының басында «Әбіш Кекілбайұлы атындағы жалпы білім беретін орта ІТ мектеп-лицейі» КММ-де психологиялық-медициналық- педагогикалық қорытындысымен ерекше білім беруді қажет ететін тоғыз оқушы психологиялық-медициналық-педагогикалық комиссиясының қорытындысымен анықталды. Бұған дейінгі жылдары үйден оқытылған Базарбай Несібеліге психологиялық-медициналық-педагогикалық комиссиясының шешімімен 2022 – 2023 оқу жылында мектепке келіп оқуға рұқсат берілген.

Бұл білім алушылардың диагноздары мен анықтамаларын келесі кестеден көруге болады.

№	Аты-жөні	Сыныбы	Бұйрығы	ПМПК шешімі	Диагнозы
1	Серікқали Айдын	9 А	01.09.2022 № 328	01.09.2022 № 33518	Нарушение слуха. Слабослыщающий ребенок. Нарушение зрения.
2	Өтеген Жарқынай	6 Б	01.09.2022 № 320	21.01.22ж. № 31750 (логопед)	Фонетико-фонематическое недоразвитие речи. Дислексия. Диеграфия
3	Тулегенов Ерсултан	1 А	01.09.2022 № 326	10.06.2022 № 32542 (логопед)	ЗПР. ОНР I-II уровня
4	Манас Талант	3 Д	01.09.2022 № 322	25.08.2022 № 332538 (логопед)	ЗПР. Фонематическое недоразвитие речи с элементами лексико-грамматического
5	Таумышев Смайыл	3 Г	01.09.2022 № 321	28.04.2022 № 332543 (логопед)	ЗПР. ОНР III уровня
6	Сәлімгерей Бейбарыс	1 Г	01.09.2021 № 327	20.07.2022 № 33052 (логопед)	ЗПР. Трудности общения и социального взаимодействия. ОНР II уровня.
7	Есенгулова Үміт	7 Б	07.09.2022 № 383	12.05.2022 №1639	Задержка психического развития смешанного генеза. Нерезко выраженное общее недоразвитие речи. Нарушение формирования учебной деятельности.
8	Отарбаев Жайдар	9 А	07.09.2022 № 384	12.05.2022 №1635	Задержка психического развития смешанного генеза. Общее недоразвитие

					речи III уровня. Нарушение формирования учебной деятельности. Миопия. Симптоматическая эпилепсия в анамнезе.
9	Базарбай Несібелі	4 В	01.09.2022 № 323	19.08.2022 №357 (логопед)	Нарушения опорно-двигательного аппарата (без стадии самостоятельной ходьбы). ЗПР. ОНР I-II уровня. Нарушение зрения.

Білім алушылардың тапсырған құжаттары негізге алынып, бұйрықтары шағарылды. Әр білім алушыға жеке папка ашылып, білім алушылардың жеке құжаттарын, анықтамалары, сабақ беретін мұғалімдері туралы бұйрықтар салынды. Мүмкіндігі шектеулі балалардың ата-аналарымен мұғалімдер тығыз байланыс орнатып, үнемі үздіксіз жұмыс жасалып отырады. Білім алушылардың ата-аналары мектеп психологтары, әлеуметтік педагогпен тығыз қарым-қатынаста жұмыс жасаған, жеке коррекциялық-дамыту жұмыстарын жүргізген. Ата-аналарға жеке дара кеңес берілген. Ата-аналар мектеппен тығыз қарым-қатынаста болды. Әр білім алушының жетістігі мен жасалған жұмыстары туралы ақпарат ПМПК отырысында талқыланған. Базарбай Несібелі мен Манас Талант – мектепшілік концерттерге қатысқан. Базарбай Несібелі республикалық мүгедек балаларды қолдау шарасына қатысып, би номинациясынан I дәрежедегі дипломмен марапатталған. Мектепте қимыл-қозғалысынан бұзылысы бар білім алушылар үшін жағдай жасалған. Лифт орнатылған, тактильді жолақтар, пандус, арнайы дәретхана кабинкаларымен жабдықталған.

2022 – 2023 оқу жылында үйден оқытуды қажет ететін білім алушылар туралы мәлімет.

«Әбіш Кекілбайұлы атындағы №72 жалпы білім беретін орта ІТ мектеп-лицейі» КММ-де 2022 – 2023 оқу жылында «Қалалық психо-медико-педагогикалық кеңес беру орталығының» шешімімен және ата-аналарының өтініштері негізінде денсаулықтарына байланысты келесі білім алушылар үйден оқытылды.

№	Аты-жөні	Сыныбы	Бұйрығы	ПМПК шешімі	Диагнозы
1	Махсотов Нұрислам	3 Б	01.09.2021 №325	25.08.2022 № 33529	Нарушение общения, социального взаимодействия и поведения. Легкие нарушения интеллекта. ОНР-III уровня. Мүгедектігі бар.
2	Жансүйгенова Жансезім Талгатовна	1А	01.09.2021 №324	22.08.2022 № 181	T 90.5. Последствия внутричерепной травмы (острое заболевание). Состояние после перенесенного ЗЧМТ. Ушиб головного мозга средней степени тяжести, перелома теменной и височной кости справа. Восстановительный период. Праез глазодвигательно нерва

					справа. Бульбарный синдром.
--	--	--	--	--	-----------------------------

ҚР Білім және ғылым министрлігінің (4.09.2018ж. №441) бұйрығымен бекітілген Бастауыш, негізгі орта білім берудің үлгілік оқу жоспарының 53 қосымшасының негізінде келесі білім алушыларға оқу жоспары жасалды.

Үйден оқытуды ұйымдастыру «Арнайы жалпы білім беретін оқу бағдарламалары бойынша оқыту үшін мүмкіндіктері шектеулі балалардың құжаттарын қабылдау және арнайы білім беру ұйымдарына қабылдау» мемлекеттік көрсетілген қызмет стандартына сәйкес жүзеге асырылған. Үйден оқытылатын балалардың ата-аналарының өтініші және психолого-медико-педагогикалық консультациялық кеңестің қорытындысы негізінде бұйрық шығарылды. Оқу жоспарына сәйкес сағаттар саны бекітіліп, арнайы сабақ кестесі құрылды. Сабақ кестесі ата-аналармен келісіле отырып жасалған. Күнтізбелік-тақырыптық жоспарға сәйкес kundelik.kz электронды журналына сабақтың тақырыптары жазылды. Әр пән мұғалімінде оқушының көңіл күйін, сабаққа ынтасын, берілген тапсырмаларды орындау деңгейін бақылап отыратын бақылау күнделіктері жүргізілген.

2023 жылдың наурыз айының 7-нен бастап үйден білім алатын 1 «А» класының оқушысы Жансүйгенова Жансезімге Қалалық №84 дәрігерлік-консультациялық комиссиясының қорытындысының негізінде №86/1 бұйрығымен үйден білім беруді тоқтату туралы бұйрық шығарылып, мектепке келіп білім алуға көшірілді.

2023 – 2024 оқу жылының басында «Әбіш Кекілбайұлы атындағы жалпы білім беретін орта ІТ мектеп-лицейі» КММ-де психологиялық-медициналық- педагогикалық қорытындысымен ерекше білім беруді қажет ететін тоғыз оқушы психологиялық-медициналық-педагогикалық комиссиясының қорытындысымен анықталды. 2023 жылдың 16 қараша күнгі ҚПМПК қорытынды №36043 анықтамасы негізінде 7 «Ә» класс білім алушысы Өтеген Жарқынай ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылар қатарына қайтадан қосылды.

Бұл білім алушылардың диагноздары мен анықтамаларын келесі кестеден көруге болады.

№	Аты-жөні	Сыныбы	Бұйрығы	ПМПК шешімі	Диагнозы
1	Асылхан Аягөз	6 Б	01.09.2023 №305	17.07.2023 № 36108	ООП, ЗПР, лексико-грамматическое недоразвития.
2	Тулегенов Ерсултан	2 Ә	01.09.2023 №305	10.08.2023 № 34252 (логопед)	ООП, ЗПР, Трудности общения и социального взаимодействия, ОНР I-II
3	Таумышев Исмайыл	4 Г	01.09.2023 №305	24.08.2023 № 36298	ООП, ЗПР, ОНР III деңгей
4	Салқынбай Ахмад	2 Ж	01.09.2023 №305	17.05.2023 № 35722	ОНР, ООП (слух), ЗПР, ОНР II уровня
5	Асқар Раджан	5 А	01.09.2023 №305	27.04.2023 № 6434	ООП, ЗПР
6	Базарбай Несібелі	5 В	01.09.2023 №305	11.08.2023 № 1670	ООП, нарушение опорно-двигательного

					аппарата (стадия самостоятельной ходьбы). ЗПР, ОНР I –II уровня
7	Сәлімгерей Бейбарыс	2 Г	01.09.2023 №305	15.08.2023 №36252	ООП, ЗПР. Трудности общения и социального взаимодействия. ОНР II уровня
8	Сандибек Мухаммедали	1 Ә	01.09.2023 №305	17.04.2023 №35503	ООП, ОНР II-III уровня
9	Манас Талант	4Д	01.09.2023 №305	25.08.2022 №33538	ЗПР. Фонематическое недоразвития речи с элементами лексико-грамматического.
10	Өтеген Жарқынай	7Ә	20.11.2023 №490	16.11.2023 №36043	ООП, ЗПР. Фонематическое недоразвитие речи с элементами лексико-грамматического. Дислексия.

Білім алушылардың тапсырған құжаттары негізге алынып, бұйрықтары шағарылды. Жеке папкалар ашылып, білім алушылардың жеке құжаттарын, анықтамалары, сабақ беретін мұғалімдері туралы бұйрықтар салынды. Мүмкіндігі шектеулі балалардың ата-аналарымен мұғалімдер тығыз байланыс орнатып, үнемі үздіксіз жұмыс жасалып отырады. Білім алушылардың ата-аналары мектеп психологтары, әлеуметтік педагог, логопед, дефектологтармен тығыз қарым-қатынаста жұмыс жасаған, жеке коррекциялық-дамыту жұмыстарын жүргізген. Ата-аналарға жеке дара кеңес берілген. Ата-аналар мектеппен тығыз қарым-қатынаста болды. Әр білім алушының жетістігі мен жасалған жұмыстары туралы ақпарат жинақталып отырады.

Мектепте қимыл-қозғалысынан бұзылысы бар білім алушылар үшін жағдай жасалған. Лифт орнатылған, тактильді жолақтар, пандус, арнайы дәретхана кабинкаларымен жабдықталған.

Ерекше білім беруді қажет ететін балалар саны жыл сайын артып келе жатқаны байқалады. 2021 – 2022 – 5 білім алушы, 2022 – 2023 оқу жылында 9 білім алушы, 2023-2024 оқу жылында – 10 білім алушы ерекше білім беруді қажет ететін балалар санында болды. 1-4 класс аралығындағы ерекше білім беруді қажет ететін балалар саны – 6, 5-9 класс аралығында – 4.

2023 – 2024 оқу жылында үйден оқытуды қажет ететін білім алушылар туралы мәлімет.

«Әбіш Кекілбайұлы атындағы №72 жалпы білім беретін орта ІТ мектеп-лицейі» КММ-де 2023 – 2024 оқу жылында «Қалалық психо-медико-педагогикалық кеңес беру орталығының» шешімімен және ата-аналарының өтініштері негізінде денсаулықтарына байланысты екі білім алушы үйден оқытылды.

2023 жылдың 20 қыркүйектен бастап, ата – анасының өтініші және «Қалалық психо-медико-педагогикалық кеңес беру орталығының» қорытындысымен 6 «Д» класының білім алушысы Шарафутдинова Лияға бірінші тоқсанда үйден оқытылуы туралы шешім шығарылған.

2023 жылдың 06 қарашасынан бастап, ата – анасының өтініші және «Қалалық психо-медико-педагогикалық кеңес беру орталығының» қорытындысымен 3 «Б» класының білім алушысы Садых Мирланға оқу жылының соңына дейін үйден оқытылуы туралы шешім шығарылған.

2024 жылдың 03 қаңтарынан бастап, ата – анасының өтініші және «Қалалық психо-медико-педагогикалық кеңес беру орталығының» қорытындысымен 5 «Г» класының білім алушысы Омельченко Андрейге оқу жылының аяғына дейін үйден оқытылуы туралы шешім шығарылған.

ҚР Білім және ғылым министрлігінің (4.09.2018ж. №441) бұйрығымен бекітілген Бастауыш, негізгі орта білім берудің үлгілік оқу жоспарының 53 қосымшасының негізінде Мақсотов Нұрисламға, Садых Мирланға, 56-қосымшасы негізінде Омельченко Андрейге, Шарафутдинова Лияға 55-қосымшасы негізінде Мырзабай Қарақатқа оқу жоспары жасалды.

2023 – 2024 оқу жылы үйден оқытылған білім алушылар туралы мәлімет келесі кестеде берілген.

№	Аты-жөні	Сыныбы	Бұйрығы	ПМПК шешімі	Диагнозы
1	Мақсотов Нұрислам	4 Б	01.09.2023 № 303	28.08.2022 № 363148 26.07.2023 258	F-84. Атипичный аутизм ОНР 2-3
2	Мырзабай Қарақат Жасұланқызы	8Ә	01.09.2023 № 303/1	01.09.2023 № 1832 <u>(01.09.2023-01.02.2024)</u>	Д69.6 Тромбоцитопения неуточненная
3	Садых Мирлан Ролланұлы	3 Б	06.11.2023 №463	01.11.2023 №1800	N04.8 Нефротический синдром
4	Омельченко Андрей Евгеньевич	5 Г	03.01.2024 №04	27.12.2023 №2709	C41.0 Злокачественное новообразование костей черепа и лица
5	Шарафутдинова Лия Тимуровна	6Д	20.09.2023 №370 (1-тоқсан)	19.09.2023 2013	G40.8 Другие уточненные формы эпилепсии Острый диссеминированный энцефалит. Мозжечковая атаксия

Үйден оқитын 8 «Ә» класының оқушысы Мырзабай Қарақатқа 01.09.2023 ж. күні берілген №1832 ДККҚ негізінде 01.09.2023 – 01.02.2024ж.ж. аралығына берілген. 31.01.2024ж. күнгі №222 ДККҚ негізінде 01.02.2024 – 31.05.2024ж.ж. аралығына анықтамасының уақыты созылған. 02.04.2024 ж. күнгі №758 ДККҚ негізінде 02.04.2024 ж. күннен бастап мектепте оқуға рұқсат берілген. Сондықтан 03.04.2024 ж. күннен бастап Мырзабай Қарақат үйден оқитын білім алаушалар қатарынан алып тасталынды.

Үйден оқытуды ұйымдастыру «Арнайы жалпы білім беретін оқу бағдарламалары бойынша оқыту үшін мүмкіндіктері шектеулі балалардың құжаттарын қабылдау және арнайы білім беру ұйымдарына қабылдау» мемлекеттік көрсетілген қызмет стандартына сәйкес жүзеге асырылған. Үйден оқытылатын балалардың ата-аналарының өтініші және психолого-медико-педагогикалық консультациялық кеңестің қорытындысы негізінде бұйрық шығарылды. Оқу жоспарына сәйкес сағаттар саны бекітіліп, арнайы сабақ кестесі құрылды. Сабақ кестесі ата-аналармен келісіле отырып жасалған. Күнтізбелік-тақырыптық жоспарға сәйкес «bilimclass.kz» электронды журналына сабақтың тақырыптары жазылды. Әр пән мұғалімінде оқушының көңіл күйін, сабаққа ынтасын, берілген тапсырмаларды орындау деңгейін бақылап отыратын бақылау күнделіктері жүргізілген.

Инклюзивті білім беруді жүзеге асыру мақсатында курстан өткен мұғалімдер туралы мәліметті келесі кестеден көруге болады.

Оқу жылы	Барлық педагогтер	Ерекше білім беру бойынша
2021-2022	98	7
2022-2023	100	12
2023-2024	105	68

72-itschool.edu.kz сайтына ерекше білім беруді қажет ететін және үйден оқытылатын білім алушылар туралы мәліметтердің сканерленген үлгісі жүктелді.

ҚОРЫТЫНДЫ: ҚР Білім және ғылым министрінің 04.09.2018ж. №441 бұйрығымен бекітілген. Бастауыш, негізгі орта білім берудің үлгілік оқу жоспарының 53, 54, 55, 56 қосымшаларына сәйкес келеді.

12.7 ҮОЖ сәйкес жүзеге асырылатын вариативтік компоненттің факультативтері мен таңдау курстарын іске асыру

Зерделеу нәтижесі бойынша 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдары жалпы білім беретін үлгілік оқу жоспарларына сәйкес вариативті компоненттің оқу жүктемесі нақты сақталғандығы анықталды. Бұл өлшемшарт бойынша 2021 – 2022, 2022 – 2023, 2023 – 2024 оқу жылдарындағы жалпы білім беретін үлгілік оқу жоспарларына сәйкес вариативті компоненттің оқу жүктемесінің жұмыс оқу жоспары, сабақ кестесі жасалып бекітілген. Вариатив компонент бойынша оқу бағдарламалары жасалып бекітілген. Вариативті компонент Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларына (2021жылғы 20 тамыздағы № 415 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) сай жасалған.

2021 – 2022 оқу жылы

Бастауыш білім беру курсы бойынша вариативтік компонентінен енгізілген таңдауы бойынша сабақтар:

«Таңғажайып сандар» - оқыту қазақ тілінде жүргізілетін 2 «А», 2 «Ә», 2 «Б», 2 «В» кластарында- 1 сағат;

«Ми жаттығулары» - оқыту қазақ тілінде жүргізілетін 3 «А», 3 «Ә», 3 «Б» кластарында- 1 сағат;

«Logic Like» - оқыту қазақ тілінде жүргізілетін 4 «А», 4 «Ә», 4 «Б» кластарында- 1 сағат;

Белсенді – қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтар:

«Сиқырлы қалам» - оқыту қазақ тілінде жүргізілетін 1 «А», 1 «Ә», 1 «Б», 1 «В» кластарында- 1 сағат;

«Ойнайық та, ойланайық» - оқыту қазақ тілінде жүргізілетін 1 «А», 1 «Ә», 1 «Б», 1 «В» кластарында- 1 сағат;

«Волшебная ручка» - оқыту орыс тілінде жүргізілетін 1 «Г», 1 «Д» кластарында- 1 сағат;

«Учимся, играя» - оқыту орыс тілінде жүргізілетін 1 «Г», 1 «Д» кластарында- 1 сағат;

«Мен-зерттеушімін» - оқыту қазақ тілінде жүргізілетін 2 «А», 2 «Ә», 2 «Б», 2 «В» кластарында- 1 сағат;

«Я-исследователь» - оқыту орыс тілінде жүргізілетін 2 «Г», 2 «Д», 2 «Е» кластарында- 1 сағат;

«Scratch ортасында ойындар құру» - оқыту қазақ тілінде жүргізілетін 3 «А», 3 «Ә», 3 «Б» кластарында- 1 сағат;

«Мен-зерттеушімін» - оқыту қазақ тілінде жүргізілетін 3 «А», 3 «Ә», 3 «Б» кластарында- 1 сағат;

«Занимательная грамматика» - оқыту орыс тілінде жүргізілетін 3 «В», 3 «Г» кластарында - 1 сағат;

«В мире логики» - оқыту орыс тілінде жүргізілетін 3 «В», 3 «Г» кластарында - 1 сағат;

«I-BalaQai» - оқыту қазақ тілінде жүргізілетін 4 «А», 4 «Ә», 4 «Б» кластарында- 1 сағат;

«Сиқырлы бояулар» - оқыту қазақ тілінде жүргізілетін 4 «А», 4 «Ә», 4 «Б» кластарында- 1 сағат;

«Я-исследователь» - оқыту орыс тілінде жүргізілетін 4 «В», 4 «Г», 4 «Д» кластарында - 1 сағат;

Орта негізгі білім беру курсы

Негізгі білім беру курсы бойынша вариативтік компонентінен енгізілген

элективтік курстар:

"Робототехника" - оқыту қазақ тілінде жүргізілетін 5 «А», 5 «Ә», 5 «Б» кластарында- 1 сағат;

"Блогер академиясы"- оқыту қазақ тілінде жүргізілетін 6 «А», 6 «Ә», 6 «Б» кластарында- 1 сағат;

"Академия блогеров"- оқыту орыс тілінде жүргізілетін 6 «В» класында- 1 сағат;

"Сондай қиын, әрі қарапайым информатика"- оқыту қазақ тілінде жүргізілетін 7 «А», 7 «Ә» кластарында- 1 сағат;

«Кемел ойлы, көркем сөзді шежіре» - оқыту қазақ тілінде жүргізілетін 8 «А» кластарында- 1 сағат;

«Entertaining chemistry» - оқыту орыс тілінде жүргізілетін 8 «Б» кластарында – 1 сағат;

«Заман заңғары, сөз зергері» - оқыту қазақ тілінде жүргізілетін 9 «А», 9 «Ә», 9 «Б» кластарында- 1 сағат;

«Светскость и основы религиоведения» - оқыту орыс тілінде жүргізілетін 9 «В» кластарында – 1 сағат;

«Қазақстанның туристік мүмкіндіктері» - оқыту қазақ тілінде жүргізілетін 8 «Ә» класында – 1 сағат;

«Зайырлық және дінтану негіздері»- оқыту қазақ тілінде жүргізілетін 9 «Б» класында- 1 сағат;

Жеке және топтық жұмыстар:

"Добропорядочность и этика" - оқыту орыс тілінде жүргізілетін 5 «В» класында - 1 сағат;

"Экология" - оқыту орыс тілінде жүргізілетін 6 «В» класында - 1 сағат;

"Занимательная химия" - оқыту орыс тілінде жүргізілетін 9 «В» класында - 1 сағат;

Жаһандық құзыреттілік немесе таңдау бойынша басқа курстар:

"Парасаттылық және әдеп" - оқыту қазақ тілінде жүргізілетін 5 «А», 5 «Ә», 5 «Б» кластарында - 1 сағат;

"Экология" - оқыту қазақ тілінде жүргізілетін 6 «А», 6 «Ә», 6 «Б» кластарында - 1 сағат;

"Эмоционалды интеллект және сыни ойлау" - оқыту қазақ тілінде жүргізілетін 7 «А», 7 «Ә» кластарында - 1 сағат;

"Медиасауаттылық" - оқыту қазақ тілінде жүргізілетін 8 «А» кластарында - 1 сағат;

«Зайырлық және дінтану негіздері»- оқыту қазақ тілінде жүргізілетін 9 «А», 9 «Ә» кластарында- 1 сағат;

Лицей компоненті:

"Алгоритмдер Python тілінде" - оқыту қазақ тілінде жүргізілетін 7 «Б» кластарында - 1 сағат;

"Arduino микроконтролері негізінде робототехника" - оқыту қазақ тілінде жүргізілетін 8 «Ә», 9 «Б» кластарында - 1 сағат;

"Game design және компьютерлік ойынды құру" - оқыту қазақ тілінде жүргізілетін 7 «Б» кластарында - 1 сағат;

"3D модельдеу" - оқыту қазақ тілінде жүргізілетін 7 «Б», 8 «Ә» кластарында - 1 сағат;

"Робототехника" - оқыту қазақ тілінде жүргізілетін 7 «Б» кластарында - 1 сағат;

"Arduino инженерлік жобалау" - оқыту қазақ тілінде жүргізілетін 7 «Б» кластарында - 1 сағат;

"Python тілінде программалау" - оқыту қазақ тілінде жүргізілетін 8 «Ә» кластарында - 1 сағат;

"Компьютерлік графика және дизайн" - оқыту қазақ тілінде жүргізілетін 8 «Ә» кластарында – 1 сағат;

"Unity ортасында ойындар құру" - оқыту қазақ тілінде жүргізілетін 8 «Ә», 9 «Б» кластарында - 1 сағат;

«3D motion дизайны» - оқыту қазақ тілінде жүргізілетін 9 «Б» кластарында - 1 сағат;

"Python тілінің күрделі модульдерімен программалау" - оқыту қазақ тілінде жүргізілетін 9 «Б» кластарында - 1 сағат;

Жалпы орта білім беру

Жаһандық құзыреттілік немесе таңдау бойынша басқа курстар:

"Кәсіпкерлік және бизнес негіздері" - оқыту қазақ тілінде жүргізілетін 10 «А», 10 «Ә» класында - 1 сағат;

Элективтік курстар:

«Абайтану» - оқыту қазақ тіліндегі 10 «А», 10 «Ә» кластарында 1 сағаттан;

«Физиканы терең меңгеруге қажетті жоғары деңгейдегі есептер шығару» - оқыту қазақ тіліндегі 10 «А», 10 «Ә» кластарында 1 сағаттан;

«Математикалық сауаттылық» - оқыту қазақ тіліндегі 10 «А», 10 «Ә» кластарында 1 сағаттан;

Жеке және топтық жұмыстар:

Эссе "Шығармашылық ойдың жемісі" - оқыту қазақ тілінде жүргізілетін 11 «А», 11 «Ә» класында - 1 сағат;

"Экономикалық география" - оқыту қазақ тілінде жүргізілетін 11 «Ә» класында - 2 сағат;

"Күрделі нысандардың 3D модельдерін құру" - оқыту қазақ тілінде жүргізілетін 11 «А», 11 «Ә» класында - 1 сағат;

Химия заңдылықтары мен есептеулері" - оқыту қазақ тілінде жүргізілетін 11 «А», 11 «Ә» класында - 1 сағат;

"Жалпы биология " - оқыту қазақ тілінде жүргізілетін 11 «А» класында - 2 сағат;

"Абайтану" - оқыту қазақ тілінде жүргізілетін 11 «А», 11 «Ә» кластарында - 1 сағат;

Дене шынықтыру: Спорттық ойындар:

Жеңіл атлетика - оқыту қазақ тілінде жүргізілетін 7 «Ә», 8 «Ә», 9 «Б» кластарында - 1 сағат;

2022 – 2023 оқу жылы

Бастауыш білім беру курсы бойынша дамыту сипаттағы жеке және топтық сабақтар:

«Сиқырлы математика» - оқыту қазақ тілінде жүргізілетін 1 «А», 1 «Ә», 1 «Б», 1 «В» кластарында- 1 сағат;

«Логикалық тапсырмалар» - оқыту қазақ тілінде жүргізілетін 2 «А», 2 «Ә», 2 «Б», 2 «В» кластарында- 1 сағат;

«Ғажайып математика» - оқыту қазақ тілінде жүргізілетін 3 «А», 3 «Ә», 3 «Б», 3 «В» кластарында- 1 сағат;

«Математика әлемі» - оқыту қазақ тілінде жүргізілетін 4 «А», 4 «Ә», 4 «Б» кластарында- 1 сағат;

Дене шынықтыру:

Спорттық ойындар –оқыту қазақ тілінде жүргізілетін 2 «А», 2 «Ә», 2 «Б», 2 «В» класында - 1 сағаттан;

Орта негізгі білім беру курсы

Инвариантты компоненттен таңдау бойынша үш пән:

Алгебра — оқыту қазақ тілінде жүргізілетін 7 «А», 7 «Ә», 7 «Б», 8 «А», 8 «Ә» (лицей), 9 «А», 9 «Ә» (лицей) кластарында- 1 сағат;

Геометрия – оқыту қазақ тіліндегі лицей кластарында 8 «Ә», 9 «Ә» кластарында- 1 сағат;

Физика — оқыту қазақ тілінде жүргізілетін 7 «А», 7 «Ә», 7 «Б», 8 «А», 8 «Ә», 8 «Б» (лицей), 9 «А», 9 «Ә» (лицей) кластарында- 1 сағат;

Информатика – оқыту қазақ тілінде жүргізілетін 7 «А», 7 «Ә» кластарында- 1 сағат;

Химия – оқыту қазақ тілінде жүргізілетін 7 «Б» кластарында- 1 сағат;

Биология – оқыту қазақ тілінде жүргізілетін 8 «А», 8 «Ә» кластарында- 1 сағат;

Биология – оқыту орыс тілінде жүргізілетін 7 «В», 8 «Б», 9 «Б» кластарында- 1 сағат;

Химия – оқыту орыс тілінде жүргізілетін 7 «В», 8 «Б», 9 «Б» кластарында- 1 сағат;

Алгебра – оқыту орыс тілінде жүргізілетін 7 «В», 8 «Б», 9 «Б» кластарында- 1 сағат;

Элективтік курстар:

«Основы религиоведения» - оқыту орыс тілінде жүргізілетін 9 «Б» класында – 1 сағат;

«Әбіштану» - оқыту қазақ тілінде жүргізілетін 9 «Ә» (лицей) класында – 1 сағат;

Жаһандық құзыреттілік немесе таңдау бойынша басқа курстар:

